



Елімізде сұранысқа ие дәрі-дәрмек бағасы арзандайды



ҚР Денсаулық сақтау министрлігі ел азаматтары үшін дәрілік заттардың қолжетімділігін арттыру бағытындағы жүйелі жұмысын жалғастырып келеді. Аталған жұмыстың аясында министрлік «Химфарм» АҚ, «Johnson & Johnson Kazakhstan» ЖШС және «АстраЗенека Қазақстан» ЖШС сынды жетекші фармацевтикалық компаниялармен ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойды.

Келісімдер шеңберінде бірқатар жоғары сұранысқа ие және әлеуметтік маңызы бар дәрі-дәрмектердің бағасын төмендету көзделген.

«Жетекші отандық және шетелдік фармацевтикалық компаниялармен меморандумдар жасасу біздің сындарлы өзара іс-қимыл мен әлеуметтік жауапкершілікке жалпы дайындығымызды көрсетеді. Мұндай бастамалар фармацевтикалық нарықтағы тұрақтылықты нығайтуға, пациенттердің қазіргі заманғы препараттарға қолжетімділігін кеңейтуге, сондай-ақ инвестициялық ахуалды дамытуға және өндірісті оқшаулауға ықпал ететініне сенімдіміз», деді Денсаулық сақтау министрі

Ақмарал Әлназарова.

Сонымен қатар келісім аясында «АстраЗенека Қазақстан» компаниясы бөлшек және көтерме сауда нарығы үшін бірқатар өмірлік маңызды дәрілік заттардың бағасын төмендетуді жоспарлап отыр. «Біз инновациялық терапияға мұқтаж адамдардың қазіргі экономикалық жағдайдағы қажетті препараттарға қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін денсаулық сақтау министрлігімен тығыз жұмыс істеуге ниеттіміз. Меморандумның ережелері біздің компанияның Қазақстан аумағында локализацияланған және өндірілген препараттарына да қолданылады. Біздің бағалауымыз бойынша, бағаның төмендеуі бірнеше миллион пациентті қолдауға мүмкіндік береді», деді Қазақстандағы «АстраЗенека» компаниясының мемлекеттік органдармен жұмыс және сыртқы коммуникациялар жөніндегі директоры Арсен Насырханов.

Министрліктің хабарлауынша, «Johnson & Johnson Kazakhstan» компаниясымен жасалған меморандум шеңберінде жылжып тұрған атрофиясын емдеуде қолданыла-

тын Спинраза (Нусинерсен) препаратының бағасын қайта қарау жөнінде келісімге қол жеткізілген. Аталған ауру сирек кездесетін, алайда өмірге қауіп төндіретін және прогрессиясы жоғары аурулар қатарына жатады.

Әлеуметтік маңызы бар дәрі-дәрмектерге бағаның төмендеуі бір жағынан мемлекеттік бюджет шығындарын оңтайландыруға мүмкіндік берсе, екінші жағынан—жоғары құнды терапияға мұқтаж науқастарға тұрақты дәрілік қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

«Тағы бір маңызды келісім отандық «Химфарм» АҚ компаниясымен жасалған. Компания 2 типті қант диабетін емдеуде қолданылатын Дапаглифлозин препаратының сатып алу бағасын төмендетуге дайын екенін білдірген. Бұл—әлемдегі ең кең таралған инфекциялық емес аурулардың бірі. Бүгінде Қазақстанда 520 мыңнан астам азамат қант диабетімен тіркелген, оның 492 335-і 2 типті диабетпен ауырады. Аталған дерт жүрек-қан тамырлары ауруларының, көру қабілетін жоғалту, бүйрек жеткіліксіздігі және өзге де күрделі асқынулардың негізгі себебі болып табылады. Бұл әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан да мемлекетке едәуір жүктеме түсіреді», делінген хабарламада.

Меморандумдарға келесідей маңызды бағыттар енгізілді: Рұқсат етілген сауда үстемелерін сақтау; Дәрі-дәрмек бағасының динамикасын бақылау; Үздік халықаралық тәжірибемен алмасу; Инновациялық препараттарды қаржыландыру тетіктерін дамыту; Дәрілік қамтамасыз ету саласындағы заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу.



Мемлекет басшысы ICAO кеңесінің президентін қабылдады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Халықаралық азаматтық авиация ұйымы кеңесінің (ICAO) президенті Сальваторе Шаккитаноны қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстанның өңірде тәуелсіз Авиация әкімшілігін құрған алғашқы ел екені атап өтілді. Бұл қадам ұшу қауіпсіздігіне бақылауды айтарлықтай күшейтуге мүмкіндік берді. Өткен жылдан бері Монреаль қаласында Қазақстан Республикасының ICAO жанындағы Тұрақты өкілдігінің кеңсесі жұмыс істей бастады.

Халықаралық әуе тасымалдарының географиясы кеңейіп келеді. Бүгінде Қазақстан әлемнің 30-дан астам елімен тікелей әуе қатынасын жолға қойды. Нью-Йорк, Токио және Сингапур қалаларына рейстер ашу мәселесі пысықталып жатыр.

Қазақстан Президенті былтыр Алматы, Шымкент және Қызылорда қалаларында жаңа терминалдар пайдалануға берілгенін айтты. Соның ішінде Алматы әуежайының өткізу қабілеті алты есе, яғни, жылына 2,5 миллионнан 14 миллион жолаушыға дейін ұлғайды.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Қазақстан мен ICAO арасында қол қойылатын азаматтық авиация бас жоспарының маңызына тоқталды. Аталған құжат авиация секторын ұзақмерзімді дамыту стратегиясы ретінде қарастырылады.

Өз кезегінде ICAO кеңесінің президенті еліміздің азаматтық авиация саласындағы жетістіктерімен құттықтады. Ол Қазақстанда авиация қарқынды дамып, орнықты өсім көрсетіп отырғанына және нақты құрылымы жасақталғанына назар аударды.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев авиация саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту мен нығайтуға қосқан үлесі үшін Сальваторе Шаккитаноны I дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.

Қазақстанда онлайн несие рәсімдеуге жаңа шектеулер енгізіледі

ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі банктік және микроқаржылық қызмет саласына қатысты бақылауды күшейтетін жаңа қаулы жобасын дайындады. Жоба қазіргі уақытта ашық нормативтік-құқықтық актілер порталында қоғамдық талқылауға шығарылған.

Құжатқа сәйкес, енді интернет арқылы рәсімделген, кепілсіз тұтынушылық несие сомасы 150 АЕК-тен (яғни 690 мың теңгеден) асқан жағдайда, қаражат келісімшартқа қол қойылғаннан кейін 24 сағат ішінде аударылмайды. Қаражат тек қарыз алушы келісімді растаған соң (мысалы, eGov порталы арқылы) ғана беріледі.

Сонымен қатар «суыту» немесе кідіріс механизмі енгізіледі. Егер бір күн ішінде азамат бірнеше микрокредит рәсімдеп, олардың жиынтық сомасы 150 АЕК-тен асып кетсе, банк



немесе микроқаржы ұйымы қосымша несие беруді тоқтатуға міндеттелді.

Алғаш рет ірі көлемде несие рәсімдейтіндер үшін, сондай-ақ 21 жасқа дейінгі және 55 жастан асқан азаматтар үшін жаңа талаптар енгізілмек. Бұл санаттағы азаматтар несие шартын тек банктің немесе микроқаржылық ұйымның бөлімшесінде жеке өзі қатысып, жазбаша келісім берген соң ғана қол қоя алады.

Жаңа жобада банктік немесе микроқаржылық омбудсмен лауазымына үміткерлерге де нақты талаптар белгіленген. Енді бұл қызметке үміткерлер ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша қазақ тілін В2 деңгейінен төмен емес деңгейде меңгергенін дәлелдеуі тиіс.

МЕРЕКЕЛІК ШАРА ӨТТІ

Аудандық «Мыңжылқы» мәдениет үйінде Қазақстан полициясы күніне арналған мерекелік шара өтті. Шараны аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков ашып, ізгі тілегін арнады. Полиция қызметі бүгінде ерекше жауапкершілікті талап ететін сала екенін атап өтті.



«Қоғамдағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету-үлкен жауапкершілік пен ерлікке негізделген жұмыс. Тәуліктің кез келген уақытында өз өмірлеріңізді қатерге тіге отырып, азаматтардың тыныштығын, мемлекетіміздің тұрақтылығын қорғаудағы еңбектеріңіз-аса құрметке лайық. Құқық қорғау органдарының жұмысын жетілдіру бағытында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмалары аясында да бірқатар маңызды міндеттер жүзеге асырылуда. Президентіміз халықпен ашық диалог орнату, полицияның имиджін көтеру және құқықтық қорғау жүйесін одан әрі жетілдіруді үнемі назарда ұстап келеді. Бұл міндеттерді іске асыруда Сіздердің кәсіби шеберліктеріңіз бен отансүйгіштік қасиеттеріңіз маңызды рөл атқарады» деп, полиция қызметкерлерінің халықпен тығыз байланыс орнатудағы маңыздылығын ерекше атап өтті. Бірқатар полиция қызметкерлерін марапаттап, сый-сияпат табыс етті.

Сонымен қатар, шараға арнайы қатысқан аудандық мәслихат төрағасы Ордабек Жәмиев, аудан прокуроры Ғалымжан Қапалбайұлы және ҚР ҰҚК Түркістан облысы департаментінің Созақ аудандық бөлімінің басшысы Дәулет Тастанов полиция қызметкерлерінің еңбегін жоғары бағалап, қоғам алдындағы жауапкершілігі мен кәсіби шеберлігін атап өтті. Сала ардагері Жүнісхан Әлімбеков бірқатар сала мамандарына сый-сияпат табыстап, құрмет көрсетті. Созақ аудандық полиция бөлімінің бастығы, полиция полковнигі Нұрлан Мұратов шараның маңыздылығына тоқталып, сала үздіктерін марапаттады.

Мерекелік жиында полиция қызметінде жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген бірқатар қызметкерлер құрметтелді. Аудан әкімінің арнайы грамотасы, аудандық мәслихат аппараты мен Созақ аудандық полиция бөлімі бастығының марапаттары салтанатты түрде табысталды. Марапатталғандардың қатарында тәртіп сақшылары ғана емес, олардың отбасылары да болды. «Полиция анасы», «Полиция жұбайы» секілді номинациялар арқылы отбасы қолдауының маңыздылығы ерекше атап өтілді. Сондай-ақ қоғамдық қауіпсіздік ісіне үлес қосып жүрген бірқатар ауылдық округ әкімдері мен ауыл билері де арнайы марапаттармен құрметтелді.

Іс-шара концерттік бағдарламаға ұласып, отансүйгіштік бағыттағы әндер орындалды. «Шымкент концерт» ұйымының өнерпаздары мен жергілікті өнерпаздар мерекелік көңіл-күй сыйлады.

**Аудан әкімінің
баспасөз қызметі.**



«КАЗАТОМПРОМ-SAURAN» КӘСІПОРНЫҢ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Әли Бектаев, Мұрат Қадырбек және Алишер Сатвалдиев жұмыс сапары аясында аудандағы «Казатомпром-Sauran» ЖШС кәсіпорнында болды.

Сенаторлар уран өндіру көлемі, технологиялық үдерістер, еңбек жағдайы және қауіпсіздік шараларымен танысты. Кейін кәсіпорын ұжымымен өткен кездесуде маңызды заңнамалық өзгерістер мен мемлекеттік реформалар жайлы кеңінен баяндалды.

Жиынды аудан әкімінің орынбасары Серік Маманов ашып жүргізді. Сенат депутаты Мұрат Қадырбек өз баяндамасында жаңадан қабылданған су кодексі, бюджет және салық кодексі, әкімшілік реформалар, құқық, білім және денсаулық саласындағы заң жобаларына тоқталды. Сонымен қатар, Түркістан қаласына ерекше мәртебе беру туралы заңның маңызын атап өтті.

Ұжым мүшелері заңнамалық өзгерістерге қатысты сұрақтарын қойып, ұсыныстарын ортаға салды. Депутаттар барлық мәселе толыққанды зерделеніп, тиісті министрліктерге депутаттық сауал арқылы жолданынын жеткізді.

Айта кетейік, «Казатомпром-Sauran» ЖШС—2006 жылы құрылған. Табиғи уран өндірумен айналысатын жетекші кәсіпорын. Қазіргі таңда онда 1018 қызметкер жұмыс істейді. Олардың 95%-ын жергілікті тұрғындар құрайды.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

СЕНАТОРЛАРДЫҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары Әли Бектаев, Мұрат Қадырбек және Алишер Сатвалдиев ауданға арнайы жұмыс сапарымен келді.

Сапар барысында халық қалаулылары аудан ор-



талығында бой көтеріп жатқан 200 орындық заманауи «Спорттық-сауықтыру кешенінің» құрылыс жұмыстарымен танысты. Жауапты сала мамандарымен және мердігер ұйым өкілдерімен кездесіп, спорт залдары, бассейн, волейбол және футбол алаңдарының құрылысы мен сапасына назар аударды.

Кейін аудан әкімі аппаратының мәжіліс залында аудандық мәслихат депутаттарымен кездесу өтті. Жиын барысында Сенатта қабылданып жатқан заңдар мен ел көлемінде жүзеге асырылып жатқан реформалар туралы жан-жақты түсіндірілді.

Кездесу аясында жергілікті тұрғындардың өзекті мәселелері де назардан тыс қалмады. Мәслихат депутаттары тарапынан айтылған ұсыныс-пікірлерді сенаторлар тиісті министрліктерге жеткізіп, депутаттық сауал арқылы бақылауға алатындарын айтты.

Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезекті жиырма сегізінші сессиясы

Өзекті мәселелер қаузалды



Осы аптаның бейсенбісі, яғни 3 шілде күні аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезекті жиырма сегізінші сессиясы өтті. Сессияға Созақ аудандық мәслихатының

Төрағасы Жәмиев Ордабек Мырзабекұлы төрағалық етіп отырды. Сессияның күн тәртібінде 2024

жылға арналған аудан бюджетінің орындалуы, аудандық бюджетке өзгерістер енгізу, кәсіпкерлік пен ауыл шаруашылығының атқарған жұмыстары, мансап орталығының және Созақ ауылдық округі әкімдігінің есептері қаралды. Сондай-ақ бірқатар ауыл көшелеріне атау беру, әлеуметтік көмек көрсету тәртібін айқындау және аудан әкімдігі жанындағы консультативтік-кеңесші органдар құрамын өзгерту туралы мәселелер талқыланды.

Сонымен қатар, нашақорлықтың, сыбайлас жемқорлықтың, құқық бұзушылықтың алдын алу

және терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссиялардың құрамына енгізілетін өзгерістер бойынша хабарламалар тыңдалды.

Аудан әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің атқарған жұмыстары мен алда тұрған міндеттері туралы есебі. Есеп беруші бөлім басшысы Бекзат Бақытжанұлы.Түркістан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының Еңбек мобильдігі орталығы КММ-нің Созақ аудандық мансап орталығы филиалының атқарған жұмыстары мен алда тұрған міндеттері туралы есебі.Баяндамашы орталық басшысы Абай Көбенов, соңғы мәселе ретіндеСозақ ауылдық округі әкімі Батыр Қаныбекұлы Аяпов өзінің атқарған жұмыстары туралы есебін ұсынды.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша аудандық мәслихат депутаттары тарапынан сауалдар жолданып, бірқатар ұсыныс-пікірлер айтылды.

Сессия жұмысына аудан әкімінің орынбасары Маманов Серік Сахияұлы, ауыл, кент әкімдері, тиісті мекеме, бөлім басшылары мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Сессияда мәслихат депутаттары оннан аса мәселелерді қарап, талқыланған мәселелер бойынша назарға алынған шешімдер қабылданды.

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.

ҚЫЗМЕТ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ПРОАКТИВТІ ТҮРДЕ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ

Әрбір адам өмірге келгеннен бастап мемлекеттік көрсетілетін қызметтермен тығыз байланыста болады.

Сол себепті мемлекеттік қызметтерді көрсету-бұл мемлекет пен қоғамның өзара іс-қимылының негізгі құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады.

Мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын арттыру арқылы азаматтардың мемлекеттік органдардың қызметіне деген сенімін көтеру мәселесі ел Президентінің жыл сайынғы Жолдауларында айрықша маңызға ие. Елімізде 1323 мемлекеттік көрсетілетін қызметтер болса, оның ішінде 400-ге жуығы облыстық деңгейде көрсетіліп отыр.

Осы ретте, мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын қадағалау, қызмет алушылардың бұзылған құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі және оның аумақтық департаменттерімен жүзеге асырылады.

Атап өту қажет, 2024 жылғы 6 сәуірде «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңға көрсетілетін қызметті алушылардың құқықтарын қорғауды күшейтуге бағытталған түзетулер енгізілді.

Енгізілген өзгертулерге сәйкес, қызмет алушылардың құқықтары бұзылған жағдайда олардың мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға қайта жүгіну қажеттілігінсіз, яғни қайта өтініш беруінсіз олардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру тетіктері пайда болды.

Өз кезегінде, Департаментпен «Е-лицензия» порталы арқылы көрсетілетін қызметтерге заңнаманың сақталуына сыртқы байқау жүргізілді.

«Қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және есептен шығару» мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидасының (ҚР ТЖМ 29.09.2021ж. № 485 бұйрық, бұдан әрі – Қағида) 4-қосымшасының 3-тармағына сәйкес, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі 3 (үш) жұмыс күн.

Бұл ретте, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңның 5-бабына сәйкес, көрсетілетін қызметті берушілер мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсетуге міндетті.

Дегенмен сыртқы байқау нәтижесінде анықталғандай, мемлекеттік орган тарапынан 19 қызмет алушылардың өтініштеріне тиісті қызмет нәтижесі ұсынылмаған.

Айта кету қажет, лауазым иелерінің азаматтарға мемлекеттік қызметтерді сапасыз ұсынуы, мерзімінде ұсынбауы, негізсіз бас тартуы, әуре-сарсаңға салуы, олардың мемлекеттік ұйымдар мен қызмет көрсетуші мекемелерге деген сенімсіздігін тудыруы мүмкін.

Осы орайда, әр азаматқа мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңнамаларға сәйкес мемлекеттік қызметтердің көрсетілуі біздің басты мақсатымыз болып табылады.

Нәтижесінде, Департаменттің ықпалымен қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және есептен шығару бойынша өтініш иелеріне қызмет нәтижелері ұсынылды.

Айта кету қажет, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде құқықтарыңыз бұзылған жағдайда Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментіне Жаңа қала ықшам ауданы 32 көше, 16 ғимарат мекен-жайы бойынша жазбаша түрде, не электрондық түрде «электрондық үкімет» порталы немесе «E-Ötinish» азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау мен өңдеудің бірыңғай платформасы және «Kenes 1414 official» telegram-бот арқылы жүгіне аласыздар.

Абылайхан НАУРЫЗБАЕВ,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің басшысы,
Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы.

Қасиетті Баба ата ауылында айтарлықтай және айта жүрер өнегелі мәдени шара өтіп, сол шараның куәсі болып қайттық. Әрине, ата-бабаларының рухына тағзым етіп, құран бағыштау тірілердің парызы. Алайда ас бере отырып кейінгі ұрпаққа тиер шапағаты мол шара болса онда тіпті жақсы. Қара қобызымен қара ниеттің бетін қайтарып, түрлі кеселдердің кесепатты жолын кескен, атадан балаға мирас тұтылып, бақсылық жолын ұстанған Есенқабыл, Лесбек көкелеріміз бен олардың жұбайлары Рыскүл, Күміс аналардың ғибратты ғұмыры жайлы жақсы әңгімелер есіттік. Жылы естеліктер айтылды. Лесбекқызы Шәкізаттың «Бабалар



бойынша бәйге өткізді. Бастауыш сынып негізінде әр оқушы 15 ертегі оқып келіп, қазылар алқасы алдында соның бірекеуінен түсінігін айтып беріп, сұрақ-жауапқа дайын болуы тиіс екен. Екінші орта буын оқушылар «Оқыған кітаптары туралы» эссе, жоғары сынып оқушылары «Менің сүйікті кейіпкерім» тақырыбы бойынша сұрақ-жауап. Қарап отырсақ бір ғана бастауыш сыныптардан отызға жуық бала қатысқан. Әрқайсысы 15 ертегіден оқыса, 450 ертегі оқылған. Не деген керемет! Қатысушы оқушылардың бірде бірі жүлдесіз қайтқан жоқ. Бәйге алсын, алмасын ын-тасы, ықыласы үшін 5000 теңгеден ақшалай көтермелеу бол-

БАБАТАДАҒЫ БАСҚАША ШАРА



жолы» атты шағын дастанын Қарақұр ауылдық мәдениет үйінің қызметкері, әнші Талғат Жайылхан әсерлі орындады. Жалпақ жұртқа біреулер бәйге, көкпар,

аударыспақ, теңге ілу сияқты ұлттық ат спорты түрлерінен жарыс өткізіп жатса, Есенқабыл ұрпақтары мектеп оқушылары арасында (бастауыш) «Рыскүл әжемнің ертегілері» тақырыбы

ды. Шәкірттерін баптаған ұстаздар қауымы да бәйгеден құр қалған жоқ. Аталмыш шараға арнайы келген арқалы ақын Маралтай Райымбекұлы сахна төріне шығып керемет жырларын оқып берді. Маралтайдың асау жыры шабытты шақырды ма мен де шашу ретінде сиясы әлі кеуіп, кеберсімеген өлеңімді оқыдым. Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов, ауыл ақсақалы Мтсбек көкеміз, Орынкүл, Сияқыз апаларымыз, әулеттің құда-жекеңат, ағайын-туыс, бауырлары жүрек тебірен-терлік естеліктерімен бөлісті. Өмірден өткен Лесбек пен Күміскүл ерлі-зайыпты марқұмдардың артында қалған ұрпақтарына, күйеу балалары мен келіндеріне бүкіл асқа, мәдени шараға арнайы келген көпшілік ақ баталарын беріп, разы болып қайтты.

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.



«Жарқыраған Астана-жаһанға танылған» мерекелік кеші өтті

6 шілде-Елорда күніне орай Созақ аудандық орталық кітапханасында «Жарқыраған Астана-жаһанға танылған» атты мазмұнды мерекелік кеш ұйымдастырылды.

Іс-шараны кітапханашы Н.Тұрсынбек жүргізіп, елорда тарихына шолу жасап, Астананың бүгіні мен болашағы жайында әсерлі ақпараттармен бөлісті.

Шараның мақсаты-оқырмандарға Елордамыздың қалыптасу кезеңдерін таныстыру, елге деген сүйіспеншілікті арттыру, отансүйгіштікке баулу.

Бейнеролик көрсетілімімен басталған кеште жыр шашу оқылып,

Астана туралы викториналық сұрақтар қойылып, қатысушылар белсенділік танытты.

Сонымен қатар, Н.Тұрсынбек «Ел жүрегі – Астана» атты кітап көрмесіне шолу жасап,

қатысушыларды елорданың тарихына қатысты әдебиеттермен таныстырды.

Шара соңында «Елімнің жүрегі – Астана» әні бірігіп шырқалып, кеш шырайын аша түсті.

Осындай рухани-танымдық іс-шаралар оқырман санасында елге, жерге деген құрметті қалыптастырып, тарихи сананы жаңғыртуға ықпал етеді.

«Созақ үні»-ақпарат.

ДОМБЫРА- даланың жаны!

Аққолтық мәдениет үйі мен Аққолтық ауылдық кітапханасының ұйымдастыруымен Ұлттық домбыра күніне орай мерекелік іс-шара өтті.

Мақсаты-халқымыздың бай рухани мұрасын насихаттау, күй өнерін дәріп-



теу, жастардың ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттыру.

Шара аясында «Әнім де сен, жырым да сен – домбыра» атты кітап көрмесі көпшілік назарына ұсынылды.

Аққолтық мәдениет үйінің әншілері әннен шашу шашты.

Қатысушылар қазақ халқының төл өнері – күй құдіреті мен домбыра сазының рухани тереңдігіне тағы бір мәрте көз жеткізіп, ерекше әсер алды.

Ауданымызда алқалы жиын өтіп, «Ас мәзірі» талқыланды

Өткен сәрсенбі, шілде айының 3 күні Шолаққорған орталық мешітінде ауылдардың имамдарының, мешіт жамағатының және аудан қариялары менен қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысқан алқалы жиын өтті. Жиында: Жуырда ғана ҚМДБ-на қарасты имамдарымыздың елордамыз астанадағы кезекті басқосуында қабылданған «Ас Мәзірі» таныстырылып, талқыланып, ел ішінде насихатталуына қаулы- қарар алынды. Жалпы, ҚМДБ ғламалар кеңесі қоғамның ұсыныс- пікірлерін ескере отырып жасаған бұл нұсқаулық былай аталады: «Құдайы ас беруде ысырапқа жол бермеу» (Тәртібі мен мәзірі). Нұсқаулық ҚМДБ ның тапсырсымен 2025 жылы Астана қаласында басылып шыққан. Сонымен, бұл нұсқаулықтың шығуына себеп болған жәйттарға келсек: Біріншіден, өмір бар жерде өлім бар. Сондай өлімді жағдайларда қазақ халқының хақ дін Исламды ұстанатын көпшілік бөлігі сүйекшінің асымен бастап, жетісі мен қырқы және жылдық астарын беруді әдетке айналдырған. Әрине, бұған шариғатта тікелей міндеттеу болмағанымен, өлген адамның артынан садақа беру, құран оқып-дұға қылу деген рәсімдерге ишараттар бар. Тек, күні бүгінге дейін «Әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа» деп, бұл рәсімдер Қазақстанның әр өңірінде әртүрлі форматта атқарылып келді. Нәтижесінде бұл жағдай ел ішінде ысырапшылыққа, ымырасыздыққа және бәсекеге жолып ашып берді де, халқымыз өлген туысына сауап жолдаудың орынына тірі жүрген құда-жекжатының көңілінен шығуды, адамдардың не дейтінімен арпалысып кетті. Міне, осындай алауыздыққа, ысырапшылыққа, бәсекелестікке наразы қоғамның пікірін ескерген ҚМДБ осы бір құжатты қабылдауға, көптің талқысына салуға және ел ішінде насихаттауды қолға алып отыр. Осы ретте, жоғарыда айтқанымадай, Созақ ауданының, Шолаққорған орталық мешітінің бас имамы Мейрамбек Әбдіқұлов алқалы жиынға қатысып отырғандарға аталмыш нұсқаулықты кеңінен таныстырды. Артынша, нұсқаулық бойынша жиылған көптің сұрақтарына жауап беріп, ұсыныс



еткізген осы бір қоғам игілігі үшін жасалған нұсқаулықты сіздердің назарларыңызға ұсынамын:

I. Жалпы ереже

1.1. Құдайы ас- діни һәм дәстүрлік маңызы бар, садақа мақсатында жасалатын рәсім. Дінімізде ерікті әрі сауапты іс.

1.2. Құдайы ас марқұмның рухына Құран бағыштап, дұға жасау мақсатында өткізіледі.

1.3. Шариғатта ысырапқа жол берілмейді. Алла Тағала қасиетті Құранда: «Жеңдер, ішіндер, бірақ ысырап етпеңдер. Расында Алла ысырап етушілерді жықсы көрмейді»-деген («Ағраф» сүресі, 31-аят).

1.4. Құдайы астың мәзірі қуанышқа (той және т.б.) жайылған дастархан мәзірінен қарапайым болуы тиіс.

II Құдайы ас берудің талаптары

2.1. Ниетті дұрыстау. Құдайы ас беру- сауап үшін жасалатын іс. Ол Алланың разылығына жету, марқұмның рухына дұға бағыштау ниетімен жүзеге асуы тиіс. Асты көрсету, мақтану, беделін көтеру ниетімен өткізу-рия (көзбояушылық) болып саналады және ол сауапты жоятын күнә іс.

2.2. Ас беруде қаралы үйге, артында қалған отбасына материалдық салмақ түсірмеу басты талап болуы тиіс. Марқұмды ақтық сапарға шығарып салу кезінде ағайын-

2.4. Ысырап пен даңғазалыққа жол бермеу.

2.5. Құдайы асты шариғат талаптарына сай өткізу. Пайдасыз бос сөз сөйлемей, ашық-шашық киінбеу, әзіл әңгіме айтпау т.б.

2.6. Дінде негізі жоқ істерден аулақ болу.

2.7. Құдайы аста құран оқып, марқұмға арнайы дұға жасау.

2.8. Жиналған жұртқа уағыз-насихат айту.

2.9. Асты ұйымдастыру кезінде шариғат әдебін сақтау. Мейілінше ер мен әйел бөлек отыру.

2.10. Марқұмға арналған жылдық астарда бейне роликтерді көрсетпеген жөн. Көрсетілген жағдайда мазмұны шариғатқа қайшы келмеуі тиіс.

2.11. Жаназадан бұрын ас бермеу. Алыстан келген қонақтарға асты мүмкіндік болса, ағайын-туыстары бергені абзал.

2.12. Мүмкіндігінше қаралы үйде үш күн қазан қайнатпау.

2.13. Құдайы асты жұма күні жұма намазының уақытында бермеу.

2.14. Рамазан айы кезінде, күндізгі уақытта ас бермеу. Оны күн батқан соң ауыз ашар ретінде өткізу.

III Құдайы ас дастарханының мәзірі

3.1. Құдайы ас дастарханы мәзірінің барынша қарапайым болуы;

3.2. Дастарханға қойылған астың

IV. Құдайы асты өткізудің тәртібі

4.1. Құдайы асты әулеттің үлкенінің немесе жасы үлкен ақсақалдың батасымен бастау.

4.2. Қасиетті Құран Кәрім аяттарын оқып, марқұмның рухына бағыштау.

4.3. Ас келгенде ақсақал бата беру.

4.4. Құдайы асты жарыссөзге айналдырмау. Көңіл айтатын үш-төрт адамға сөз беру. Сөз сөйлеуді бес минуттан асырмау.

4.5. Имамның уағыз-насихаты жүйелі әрі ықшамды болу, халықтың тарихи таным-түсінігіне және жергілікті салт- дәстүрге қайшы келмеуіне мән беру.

4.6. Астың соңында жасы үлкен ақсақал бата беру.

4.7. Құран аяттарын оқып, марқұмға дұға жасаумен аяқтау.

Қорытынды

Бұл құжат еліміз бойынша Құдайы ас берудің тәртібі мен мәзірін бір ізге келтіру мақсатында әзірленеді. Құжатта белгіленген ережелер мен ұстанымдар Ислам дінінің негіздеріне, сондай-ақ қазақ халқының дәстүріне сай жасалынады.

Ендігі жерде, сіздер мен біз де осы қазақ, Созақ қоғамының бір мүшесі ретінде аталмыш нұсқаулықпен танысып, өз ортамызда насихаттап, жүзеге асуына жұмыс жасайық, жерлестер! Себебі, онсыз да экономикалық дағдарыстардың әсерімен дағдарып, қымбатшылықтың есебінен қиы қашып, айлық-жалақы менен зейнетақының аздығынан артқа кетіп тұрған ауыл халқының тұрмысының қаншалықты қиындап кеткеніне көзімізбен куә болып жүрміз. Сондай екен, бәсекелестікті деген бөледен, ысырапшылық деген ымырасыздықтан қоғам боп құтылатын кез келген жоқ па? Қашанғы құдайды, әруақты және өзімізді алдаймыз? Күнәдан қашып, сауапқа жүгіретін уақыт келді ғой! Оның үстіне, Ұлы Алла тәбәрокә уә тағалә құранда: «Ішіндер, жеңдер! Бірақ ысырап қылмаңдар! Алла ысырап қылушыларды жақсы көрмейді!» деген мағынада қаншалаған аяттар бар. Жалпы, жаратылыстың абзалы адамзат баласын айуаннан айырып тұратын дүние ақыл болса, сол ақылды өзіміз үшін пайда- зиянды ажырату да адамшылығымыздың, ақыл иесі болуымыздың белгісі емес пе? Айтқандай, осы алқалы жиында осы ас мәзірі мен қоса басқа да жерлеу рәсімдеріне қатысты сұрақтар беріліп, ұсыныс-пікірлер айтылған болатын. Солардың бірі әрі бірегейі ауданымыздың тұрғыны, қоғамдық кеңестің мүшесі Жұмақов Талғат Бейсенбекұлына тиесілі болды. Талғат Бейсенбекұлы өзінің біраздан бері ауданымыздың барлық ауылдарындағы қорымдардың күтүсіз қалғанын айтып, дабыл қағып жүргенін жеткізді. Тіпті, бұл мәселемен Түркістан облыстық мәслихатына хатпен шығып, ресми жауап алғанын, аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы Тұрысбековке де кіріп, мәселеден хабардар еткенін айтты. Онысымен қоймай, редакциямызға келіп, менен осы мәселеге аудан әкімдігі менен қоғамның назарын аударуға атсалысуымды өтінді. Негізінде, Талғат Бейсенбекұлы көтеріп отырған мәселе өте өзекті. Сол себепті де бұл тақырыпқа арнайы тоқтап, журналистік зерттеу жүргізуді, сосын барып, ауқымды мақала жазуды жөн көрдім! Ендеше, еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын, ағайын!

Данияр БЕК.



пікірлерін тыңдады. Өз тарапынан ауданымыздың ақсақалдарынан, билері менен имамдарынан және қоғамдық ұйымдардың өкілдерінен осы нұсқаулықты ел ішінде насихаттап, оны жүзеге асыру жолында билеріне жұмыс жасауға шақырды. Жиылған көпшілік те қоғамның игілігі үшін жасалған бұл құжатты жылы қабылдады, қызу талқылады және аудан жұртшылығына насихаттауға сөз байласты. Ал енді, елді елең

туыс арасында шариғатта көрсетілмеген жөн-жоралғыларды атқаруды талап ету орынсыз. Бұл өз кезегіндегі ысырапқа жол берумен қатар, артында қалғандарды қаржылық қиындыққа ұшыратады. Сондай-ақ, кредит алып, ас беру дұрыс емес.

2.3. Ас беруді белгілеген уақыттан бастап, уақтылы аяқтау. Астың уақытын 1-1,5 сағаттан асырмаған абзал.

адал болуы;

3.3. Асқа қойылатын тағам төмендегі тағам түрлерімен шектелуі;

1. Нан өнімдері (бауырсақ, шелпек);

2. Шәй, су;

3. Ыстық тағам (ет немесе күріш);

4. Сары май;

5. Тары, талқан;

6. Қант, кәмпит;

Мен Бақрам атамның қызы Айгүлмен бірге аудан әкімдігінде тәуелсіздіктің алғашқы он жылдығында бірге қызметтес болдым. Рахима апайдың жазған, жинақтаған дүниесін оқып отырып, Айгүлдің өн бойынан Бақрам атамның көптеген қасиеттерін байқағандаймын. Туысқаншыл. Тік мінезді, шыншыл, сауатты, қайсар мінезі атамға ұқсаған екен. 1941-1945 жылдар аралығындағы Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап Кеңес одағының халқы жан тәнімен Отанын елін қорғап, әрбір село, әрбір қала үшін шайқасты. Кеудесін оққа төсеген қазақтың батыр азаматтары, соның ішінде Созақ елінен аттанған аталарымызданеміс-фашист басқыншыларынан елді, жерді, халықты қорғаған. Сол ержүрек жауынгерлердің қатарында Отаубаев Бақрамның болғанын мақтанышпен айтқым келеді. Барлық деректерді Бақрам атамның жеке архивіне сүйеніп, толықтырып жазып отырмыз. Атамның өмір жолында көп қиындықтармен күресіп, жастайынан білімге, өмірге құштарлығымен,



Сол жылдары Бақрам атамның басқарған ферма шопандары 100 саулықтан 110 қозы, 100 түйеден 62 бота, 100 мүйізді қарадан 100 бұзау, 100 жылқыдан 84 құлын алып жақсы жетістікке қол жеткізеді. Сөйтіп арнайы сыйлыққа ие болады. 1961 жылы Калинин атындағы совхоздың аға агроном-семеноводы. Одан Созақ аудандық тұқым бақылау лабораториясының меңгерушісі болып бекітіледі. 1965 жылы Қазақтың Мемлекеттік ауылшаруашылық институтын агроном мамандығы бойынша сырттан оқып бітіріп шығады. 1967 жылы «Сельская жизнь» журналына «Құнарлы жем резерві» деген тақырыпта өзінің ғылыми еңбегін жариялаған. Ғылыми мақалада ауыл шаруашылығы үшін маңызды жергілікті жерде өсетін өсімдік туралы жазылған. Журналдағы көлемді мақаланы оқыған Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі Д.Зыков: «Агроном Отаубаевтың агрономияға беймағұлым, жергілікті жерде табиғи өсетін жаңа тамырлы түйнек туралы, хабарының ғылыми және өндірістік маңызы зор. Ауыл ша-



кітабында:

-1928-1929 жылдардан бастап күзгірі, малды адамдарды қудалау басталғанда елден кетіп, күнгей бетте арғы жағы Шәуілдір жеріндегі ағайындардың арасында тұрып, сол ауданда Бақрам Отаубаев ағамыз қызметте болып, ел басқаруға араласқан. Соғыс аяқталар, аяқталмастан Отаубаев Бақрам Созақ аудандық ауылшаруашылық басқармасының бастығы болып ауданға қызметке келді. Ол кезде бұл қызмет аудандық партия комитеті мен НКВД-ні ғана тыңдап, басқа басшы-

Елді де, кандидаттық диссертацияны да қорғаған жауынгер

үлкен күш қайратпен биік мақсаттарына жеткен. Сол кісінің қажыр қайраттылығы, батыр тұлғасы, білімділігі мен шыншылдығын, әділдігін, отбасына қамқорлығын бүгінгі күні ұрпақтары өздеріне үлгі санап келеді. Еліне барлық күш жігерін жұмсап, аябай еңбек еткен Ұлы Отан соғысының ардагері Отаубаев Бақрам Балажанұлы 1906 жылы, Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Молотов ауылдық Советі, Алмалы қолхозында, қазіргі «Сызған» ауылдық округіне қарасты Басбұлақ ауылында өмірге келген. Бақрам Балажанұлы жасынан медреседе арапша оқыған, Түркістан қаласындағы түземдік мектепте орысша сауат ашқан. 1937 жылдың қыркүйек айында Шымкент қаласындағы ауыл шаруашылық техникумына оқуға түсіп, кіші агроном-полковод квалификациясымен үздік бітірген. 1940 жылдың 17 маусым айынан 15 қыркүйек айы аралығында Фрунзе аудандық жер бөлімінде мәдени өсімдіктер агрономы болып жұмыс істеген. 1940 жылы 10 наурыз айында Шымкент қаласында осы техникумының жанында атқыштар курсының мергендер сатысы бойынша емтиханды үздік тапсырған. 1941 жылдың шілдесінде Шымкент техникумының білім жетілдіру мектебінің мұғалімі болып қызмет атқарған. 1942 жылы Фрунзе аудандық жер бөлімінің бастығы қызметіне тағайындалған. 1942 жылдың 20 қыркүйегінде партияның шақыртуымен Шорнақ ауыл советі атынан Ұлы Отан соғысына аттанған.

Отаубаев Бақрам Балажанұды Ұлы Отан соғысындағы ерліктері үшін III дәрежелі «Даңқ» ордені мен I дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен марапат-

талған. Ол кісі алтыншы майдандағы 62-ші-армия құрамындағы №308 атқыштар дивизиясының № 347 атқыштар полкінде рота парторгі, рота командирінің саяси істер жөніндегі орынбасары болып, Орлов бағытында жау әскеріне қарсы тойтарыстарға қатысқан. Шабуыл кезінде рота жауынгерлерін рухани күш беру мақсатында жігерлендіре білгені үшін, ұйымдастыру, саяси тәжірибесінің молдығы мен өзінің ержүректілігі, ерлігі үшін жоғарыдағы отанымыздың жоғары марапаттарыменмарапатталған. Сонымен қатар, одан беріде Ұлы Жеңістің 20, 30, 40, 50 жылдығы, «Германияны жеңгені үшін», «В.И.Лениннің 100 жылдығы», «Еңбек ардагері», орден-медалдарымен, 1974 жылы 5 қаңтар айында Кентау газ шаруашылығы мекемесі «Коммунистік еңбектің екпіндісі» төсбелгісімен марапаттаған. 1976 жылы Ұлы Отан соғысының ардагері ретінде кезектен тыс «Москвич 412» автокөлігі берілді. Отан соғысының ардагері, II топтағы мүгедек. Соғыстан елге оралған соң 1944 жылы Созақ аудандық ауылшаруашылық бөлімінің бастығы болып тағайындалған. 1948 жылдың тамызы айында СССР Одағының жоғарғы білім министрлігінің ауылшаруашылығы бөлімдерінің басшыларының білімін көтеру курсын бітіреді. 1950-1957 жылдары аралығында Қарағанды облысы, Ворошилов ауданының «ХХ партсъезд» колхозында агроном, одан 1957 жылы Созақ совхозында агроном, Энгельс совхозының №6 фермасының меңгерушісі, Созақ совхозының №6 фермасының меңгерушісі, Калинин атындағы совхозға №5 ферманың меңгерушісі қызметтерін атқарады.

руашылығы министрлігінің бұл мәселе жөніндегі немқұрайлылығы маған түсініксіз»-деп жазған. Ол журналдан басқа да КСРО көлеміне тарайтын басылымдарға да, республика көлеміндегі орыс және қазақ тіліндегі журналдарға Созақ ауданында жергілікті жерде өсетін табиғи өсімдік-тамыр түйнек туралы көлемді мақалалары жарияланады.

Қазақ ССР ауыл шаруашылығы министрлігінен келген хаты: «Калинин атындағы совхоздың директоры Қ.Көшінов жолдасқа! Созақ аудандық тұқым бақылау лабораториясының меңгерушісі Отаубаев Бақрамға жергілікті жерде өсетін өсімдік туралы маңызды ғылыми еңбекпен айналысып, зертеу жұмыстарын жүргізіп жатқанын қолдау мақсатында ғалымды көлікпен, жұмыс күшінен көмек беріңіз» деп жазылған. 1967 жылы Сызған совхозының № 4 фермасының меңгерушісі болып ауыстырылған.

1970 жылы Кентау газшаруашылығы Созақ аудандық бөлімшесіне шебер болып бекітілген. 1970 жылы алғаш рет Созақ ауданына бірінші рет газ таратылған. 1978 жылға дейін осы мекеме басшы қызметін атқара жүріп, аудандық газ тарату мекемесінің ауласының бәріне тал егіп, ауласын тегістеп, құдық қаздырып, талдарды суғарып көгертіп, өзі біржола демалысқа шығады. Бақрам атамның 1987 жылы шілде айының 30 жылдығында 81 жасында ұрпағының алдында қайтыс болды. Тоғыз перзентінен 28 немере, 51 шөбере, 2 шөпшегі бар. Отаубаев Бақрам туралы кезінде жақсы естеліктер жазған азаматтардың бірі Әміреев Құлтай қажы «Саңлақ Секең»

ларға биіктік жасайтын. Ауданда колхоз бастықтарын өз бұйрығымен босатып, дайындап береді екен,-деп жазыпты. Ал Тастыбаев Бекұлы:

-1938 жылы Түркістан ауданындағы Шорнақ деген жердегі аталас ағайыным Отаубай-Оспан-Шоңбас әулетінен тараған Отаубаев Бақраммен байланыс жасадым. Түркістан-Қызылорда асфальт жолы жанынан өтеді.Осы Шорнақтан 2-3 шақырым жерден қарт Қаратауға бұрылатын қара жол шығады.Ол «Майдантал» ауылына апарды. Бұл аудан 50-жылдардың ортасында таратылып, Түркістанға қосылған. Оған дейін мал шаруашылығымен,мақтамен айналысқан. Осы ауданда Отаубаев Бақрам РайЗО-ның бастығы екен. Жетім қалған бала мен жесір қалған ана осылай қарай көшпек боламыз. Жағдай өте ауыр. Біз болсақ қоныс аудармақшымыз. Бізге көшу үшін, колхоз өгіз арбасын берді. Ал малды мен өзім айдап апардым,-деп естелігін аяқтаған екен.

Әр жерде, әр үйде Бақрам атамның туралы жазылған құнды естеліктер бар екен. Бақрам атамның ұрпақтары осындай ағайындардың, аталарының көзін көрген кісілердің естеліктерін жинақтап, баспадан деректі кітап бастырып жатыр екен. Бұл өте қуанышты аманат. Өнегелі ұрпақтың ғана қолынан келетін дүние. Артындағы есті ұрпақтары өрелі іс жасап отыр екен. Атамның рухы баршамаңызды әрқашан қорғап, қолдап жүрсін!

Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі.

-Ол уақытта он бір жаста болатынын,-деп бастады әкем әңгімесін. Сол 1917-1918 жылдар болу керек Басбұлақта бір күні түнде біздің ауылдан жылқы ұрланды. Содан ауылдағы үлкен адамдар түнде бір үйір жылқыны ұры айдап кетіпті деп у-шу болып қалды. Ары бері шапқылап таба алмады. Содан арада 5-6 ай өткенде, күзге қарай ауылдың жігіттері түнде біреуді байлап ұстап әкемнің алдына алып келді. Өткендегі жылқыны ұрлап жүрген осы ұры екен, ұстап алдық деп. Ұры жылқыны ұрлағанын мойындап отыр, маған бір адам қосып мені өліме жіберіңдер, жылқыларыңды тауып беремін деді. Қазір ойласам ол ұры қазіргі Жамбыл облысы, Байқадам ауылында тұрады екен. Әкем Балажан өте сенгіш, аңғал адам еді. Ондай болса сенің жаныңа баламды қосамын деп, 11 жасар мені ұрының атының артына мінгестіріп жіберді. Түні бойы атпен жүріп отырып, бір сайдың ішіне келдік. Сайда екі киіз үй тігулі тұр екен. Басқа үй жоқ. Бір киіз үй ұрының бәйбішесінің үйі екен, екіншісі тоқалының үйі екен. Бірақ

Әкемнің әңгімесі

ешқандай бала көрмедім. Содан мені бәйбішенің үйіне жатқызды да «Бала, сен осы үйде жата бер, мен сенің жылқыларыңды әкеліп беремін»,- деп өзі тоқалының үйіне кетті. Ұрының өте бір үлкен көк айғыры болатын, ылғи да сол көк айғырды мініп жүреді. Содан ертеңіне түнде сол айғырына мініп кетті. Үш күннен кейін түнде қайтып келді. Атының тұяғының дүрсілінен біз оянып кеттік. Түнде келіп 1-2 күн киіз үйден шықпай ұйықтап тынығып алады да, қайтадан кетеді. Бірақ ештеңе айтпайды. Сондай бір түнде ұйықтап жатқанымада ұрының бәйбішесі маған келіп «балам, өзің біреудің жалғыз баласы екенсің, бұл саған ешқандайда жылқыңды қайтарып бермейді. Бұл өзі қазақтың жылқысын ұрлап қырғыздарға өткізіп, қырғыздың жылқыларын қазақтарға өткізіп жүрген бұзық, бауқеспе

ұры» деді. Бұл сенің көзіңді бір күні құртады. Бүгін түнде ұры қатты ұйқыға кеткенде, мен сені атқа мінгізіп ауылыңа шығарып саламын, енді кетпесең болмайды,-деп, ұры мен тоқалы ұйықтады-ау деген кезде, мені түнде далаға алып шығып, аттың тұяғының дүрсілі естілмесін деп, жылқының тұяғына киіз байлап, көк айғырды ерттеп мені үстіне мінгізіп, екі аяғымды үзенгіге байлап, ауылдан жетектеп алып шықты. Ат тұяғының дүрсілі естілмейді-ау деген жерге барғаннан кейін, аттың тұяғындағы киізді шешіп алып, аспандағы бір жұлдызды көрсетіп, ұмытпасам «Темір-қазық» жұлдызы болу керек. Осы жұлдыздың бағытына қарай тоқтамай шаба бер. Мына айғырдың белі өте мықты, бұл сені ауылыңа аман есен жеткізеді деп қолыма қамшыны беріп, шу жануар деп айғырды қолыңдағы

арқанмен сауырынан тартып қалды. Ал, жолың болсын балам деп жөнелтті. Содан шапқан бойы кеттім. Содан шапқаннан шауып отырып тоқтамай, өзімде болса да үрей, қорқыныш бар, екі көзімнен жас парлап шауып отырдым. Көрсеткен жұлдызынан айырылмай таң ата қазіргі Абай фермасының тұсына жеттім. Әрі қарай өзіміздің еліміз, жерімізге жеткен соң, үзенгіге байлаған аяғымды шешіп, аттың шылбырын бөліме байлап жерге жата кеттім. Қалжырап ұйықтап кеткен екенмін, оянсам сәске тұс боп қалыпты. Қайтадан көк айғырға мініп алып, ауылға кеттім. Келсем ауылдағылар менен күдерлерін үзіп отыр екен. Балажан әкем қуаңғанынан көзіне жас алып, бір мал сойып ел-жұртқа балам аман есен оралды деп құдайы тамақ берді. Әкем осы әңгімесін бізге сендер жақсы заманда өмір сүріп жатсыңдар, бақытты балалық шақтың тыныш заманда өтіп жатыр. Біздің кезімізде солай болатын деп айтып отыратын.

Ұлы Бауыржан БАҚРАМҰЛЫ.

Ұрпақтар сабақтастығы деген ұғымның аясы кең. Ауданымыздың құрылған жылдарынан бастасақ Төлепбергенов Әбдімәлік қария туралы уақтысында осы өңірде ғұмыр кешкен талай қаламгерлер Әбдімәлік қарияның жүріп өткен өмірі мен елге еткен еңбегі туралы көптеген деректі мақалалар жазды. Соның бірегейі жігерлі жас, қайратты басшы Әбдімәлік «Октябрь» колхозының бастығы болып тұрғанда болашақ Қаратау совхозы болып іріленген жылдары ертеректегі қуғын-сүргін, ашаршылық жылдары арысы Ауғанстан, берісі Өзбекстан, Тәжікстан еліне босып кеткен ағайындарын жинап елге көшіріп әкелуі үлкен ерлік болды. Одан берісі Ұлы Отан соғысы басталғанда елдегі азаматтармен бірге майданға аттанып елін, жерін фашистік басқыншылардан азат ету парызын өтеді. «Құрмет» орденінің иегері, Созақ ауданының Құрметті азаматы. Соңғы жылдары ауылдың абыройлы ақсақалы санатында ағайындарына ақылын айтып, телісі мен тентегін, ажырасқаны мен жаман жолға түскен ауыл азаматтарын жөнге салып қариялық міндетін абыройлы атқарып ғасыр жасап өмірден озды. Ғасырлық тойын аудан көлемінде ұл-қыздары дүркіретіп өткізді. Оның өзіміз куәсі де болдық. Совхозда басшылық еткен Мейрамбек Құрманбеков, Сексенбай Тұрысбеков, Тасқынбек Ашықбеков, Аманғали Аймұрзаев, Сайлау Асқарбаев сияқты ел басқаруға ниеттенген ізбасарларына ағалық ақыл-кеңесін айтып, ел басқарудың қилы да қиын кезеңдерінде сөз жәрдемін берді. Міне, сол қария артындағы елдің, оның ішінде тәуелсіз еліміздің іргесін нықтауға өз ұрпақтарында тәрбиелей білді. Солардың ішінде ұлы Бекжан ұзақ жылдар шаруашылықта түйе малын өсіруде қажымай еңбек етті. Қалжаны алғашқы жаңа жүйенің бірі-шаруа қожалығын ашты. Күлдаш, Мираш, Рахимаш, Күлзия атты қыздарын қиясына ұзатты, ұлдарына ұя бастырды. Құдайға шүкір баянды ғұмыр кешкен, өсіп-өнген өнегелі әулет десек артық айтқандық болмас. Әбдімәлік көкеміздің тәрбиелі ұлдарының бірі деп-бүгінгі күні алпыстың үшеуіне келіп қариялық жол айрыққа келген Бақытжан атты ұлын айтар едік. Бақытжан Әбдімәлікұлы ағамыз 1962 жылы 10 шілдеде Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы Бақырлы ауылында дүниеге келген. Бақырлы ауылындағы В.И.Панфилов атындағы орта мектептің бірінші сыныбына барып, 1979 жылы оныншы сыныпты бітірген соң, алғашқы еңбек жолын Қаратау совхозында құрылысшы-жұмысшы болып бастайды. Ол уақытта оқуға түсу үшін ауылда кемінде бір-екі жыл шаруашылықта жұмыс жасау керек болатын. Солай етті де. 1982 жылы Шымкент қаласындағы Қазақ химия технологиялық институтына оқуға түсіп, аталмыш оқу орнын қызыл дипломмен бітіріп шығады. Дипломы қолына тиген күннен бастап ПМК-1807, ПМК-23 мекемелерінде шеберліктен бастап бас инженерге дейін қызмет атқарса, 1993-2005 жылдары кәсіпкерлік салада қызмет атқарды. Кәсіпкерлік сала болғанда «Алтын тұз» ЖШС-ін ашып, аудан, облыс жұртшылығын тұзбен қамтуға жұмыс жасады. 1995 жылы Республикалық есеп кадрларын дайындау институтын экономика және бухгалтерлік есеп мамандығы бойынша бітіріп шығып, аудандық статистика мекемесінде бас инженер, одан мемлекеттік қызметте Шолаққорған ауыл әкімінің орынбасары, аудан әкімдігі тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бастығы, аудандық орта-



рағы көзіне құралайдай қара торы қыз бірден түссе керек. Осылайша Түлкібастың аруы киелі Созақ жеріне келін болып түсіп, Шолаққорған ауылындағы ХРУ мекемесінде экономист, аудандық пионерлер үйінде үйірме жетекшісі, Н.К.Крупская мектебінде кітапханашы, Нәзір Төреқұлов атындағы ІТ мектебінде математика пәнінен мұғалімдік қызмет атқарып, зейнет демалысына шыққан. Қазір құрметті зейнеткер. Күлзипа ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай «Мәртебелі мұғалім» медалімен, одан «Ең білімді педагог» атты олимпиадасының, облыс, аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың бірнеше алғыс хаттары, грамоталарымен марапатталған. Отбасында Бақытжан ағамыз Күлзипа жеңгемізбен бірге алтын асықтай, күміс қасықтай бес баланы дүниеге әкелді. Үлкені Ақмарал жоғары білімді маман, жұмыспен қамту орталығында бөлім бастығы. Жолдасы Ибаходжаев Марат-кәсіпкер. Олар отбасында екі ұл, үш

қосып жағдайы төмен отбасыларға, түрлі жағдайларды бастарынан көшірген азаматтарға қол жәрдемін беруде ағалығын көрсетіп, жәрдем ұйымдастыруды жиі қолына алатынын аудан жұрты біледі. Ағайынның ағасы болып Созақ спортын әлемге паш етіп жүрген талай спортшыларымызды әспеттеп, астына ат мінгізіп, иығына шапанын жауып құрмет көрсетуге де өз ықпалын тигізіп келеді. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші, сонау 1995-96 жылдары мен ауданда жастар ісі, туризм және спорт басқармасын басқарған жылдары жастарды салауатты өмір салтына бейімдеу мақсатында түрлі спорттық шаралар ұйымдастыру керек болатын. Ол уақытта мәдени-спорттық шараларға қаржы бөлінбейтін. Себебі, жұрт айлық-жалақы мен зейнетақысын алты-жеті айлап ала алмай жүргенде қайдағы қаржы. Сонда «аш кезде жеген құйқаның дәмі бөлек» демекші, кәсіпкер ретінде Бақытжан Төлепбергенов, марқұм

Мерейлі отбасының бас иесі

лық аурухана бас дәрігерінің әкімшілік шаруашылық жөніндегі орынбасары қызметін абыройлы атқарып келді. Осы жылдары ерен еңбектерін бағалап «Қазыбек биге-350 жыл», 2020 жылы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінен «Еңбек ардагері», 2021 жылы Қоңыр сопы, Бораи би, Жиенбет батыр ұрпақтарының «Құрметті азаматы», 2023 жылы «Алпамыс батыр» медалдарымен марапатталды. Ұш ата. Қоңыр сопы, Бораи би, Жиенбет батыр бабаларының Қазақстан бойынша «Жиенбет батыр» баба ұрпақтарының биі. Жұбайы Күлзипа Қожабайқызы Түлкібас ауданының қызы. Күлзипа

қыз тәрбиелеуде. Ұлдың үлкені Жеңісәлі жоғары білімді, аудандық жастар орталығының директоры, Түркістан қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің бастығы қызметтерін атқарды. Бүгінгі күні Шолаққорған ауылының әкімі. Жолдасы Ақбердиева Жадыра жоғары білімді, А.Байтұрсынов мектебінде бастауыш сынып мұғалімі. Жанұясында екі ұл, бір қыз тәрбиелеп отыр. Екінші ұлы Темірәлі жоғары білімді, Созақ аудандық орталық ауруханада провизор, жанұялы. Жұбайы Қарсыбаева Ақбөпе-жоғары білімді, кәсіпкер. Олар үш ұл, екі қыз тәрбиелеуде. Үшінші кенже ұлы Өмірәлі жоғары

Қайрат Тастыбаев, мекеме басшысы Әлтеков Берік, Сапаров Мұрат, Ерназаров Шора ағаларымыз Созақ спортын дамытуға өз үлестерін қосқанын жиі айтып жүреміз. Ол кездер келмесе кетіп, бүгінгі таңда тек естелік, тарих болып қалды.

Бұл әулетті өсіп-өнген әулет деп айттық ғой. Осы мақаланы жазу барысында бүгін жаңалықтан есіткеніміздей Бақытжан ағамыздың туған жиені, (әпкесі Рахимаштың баласы) Жартытөбе ауыл әкімдігіне қарасты Аққолтық ауылының тумасы Таңат Нөсербаев Ордабасы футбол клубының директоры болып тағайындалыпты. Қайсыбір жылы ауылына келіп, «Туған жерге туынды тік» ұранымен осы тақырыпта футболдан турнир өткізген болатын. Бұл да үлкен қуанышты жаңалық. Өткен жылдары тарихта есімі қалған Жиенбет батырдың жерленген жері Жезқазған облысында деп еститініміз. 2019 жылы болуы керек, құрбан айт мерекесі кезінде арнайылап ол кісінің жатқан жері Жезқазғанға барып, басына барып құран бағыштап, құрбандық шалу еді. Осы істі мақсат тұтқан Бақытжан, Қаратау ауылының тұрғыны Жұмеков Қазақбай, Раң ата ауылының тұрғыны Аман Нышанәлі, Тайқоңыр ауылынан Әбдіраев Ерайдар есімді азаматтар бабалар рухына тағзым ету мақсатында Тайқоңыр қалашығынан шығып Қызылорда-Жезқазған трассасы арқылы Жезқазған қаласы, Жаңарқа ауданының орталығы Атасу кенті, одан әрі Қарағанды облысының Шет ауданы арқылы Қызылтау ауылындағы Жиенбет батырдың мазаратына және ары қарай екі жарым шақырым жердегі батырдың жары Әйбике ананың мазаратына да барып, құран оқып, аруағына тағзым етіп, бас аяғы 1200 шақырымды сапарлайды. Мақаланың басында айтқандай бұл иігілікті шаралардың барлығы ұрпақтар сабақтастығы аясына енеді. Бүгінгі таңда ұл-қыздарынан құдайдың берген немерелерін сүйіп отырған ауданымыздың аптал азаматы Бақытжан Әбдімәлікұлына деген денсаулық, баянды ұзақ ғұмыр тілейміз.



жеңгеміз Түлкібас станциясындағы №343 орта мектепті бітірген. Шымкент қаласындағы Қазақ химия технологиялық институтының инженер құрылысшы факультетіне түсіп, оны қызыл дипломға және Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің математика және физика факультетін бітірген. Негізі Күлзипа жеңгей Бақытжан ағамызбен Шымкент қаласындағы Қазақ химия технологиялық институтында оқып жүргенде танысып, ағамыздың қы-

білімді. Кәсіпкер. Өмірәлінің жолдасы Сыдық Париджа жоғары білімді заңгер. Бір ұл тәрбиелеуде. Үйдің кенжесі Айнель үздік студенттер қатарында білім алуда.

Әбдімәлік көкеміздің ғасыр тойын тойлар жылы Қаратау ауылының кіре берісіне саялы бақ орнатып, ауылдың таулы бөктерін жасыл желекке айналдырды. Бүгінде ол саябақ ауыл жұртшылығы кешқұрым демалатын әсем баққа айналған. Сонымен бірге кластастарының басын

Мақсат НҰРДАУТЕГІ.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алайық!

Сыбайлас жемқорлық-заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылды барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың жұмыстарының жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі-ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық СЭББ басшысы.

Түзетіліп оқылсын!

«Созақ үні» газетінің 5 шілде 2025 жылғы сенбі күнгі №47 санында жарияланған Құмкент ауылдық округі бойынша өтетін қоғамдастық жиыны «04 тамыз» емес, «6 тамыз күні өтетіндігін хабарлаймыз» деп түзетіліп оқылсын.

Кене шағуы қауіпті

Кенелер аса қауіпті жұқпалардың тасымалдаушылары болып, кене энцефалиті, көкала тәрізді қауіпті аурулардың қоздырғыштарын тасымалдайды. Кене энцефалитінің ең көп жерлері Түркістан, Жамбыл, Қызылорда облыстарында кездеседі. Олар ауа-райы қолайлы өлкелерде өсіп-өнеді және сондай жердің тұрғындарына қауіп туғызады. Негізінен кенелердің қауіп төндіру кезеңдері жыл мезгілінің көктем айларынан бастап күздің алғашқы айларына дейін ұласады. Кенелік энцефалит – орталық жүйке жүйесінің жедел вирусты ауруы, эндемиялық табиғи ошақтарда трансмиссивті (кененің шағуы) немесе алиментарлы жолмен (инфекцияланған сүт) арқылы жұғады. Кенелер адамдар мен жануарларға қан сору мақсатында ғана шабуылдайды, сондықтан оларды дер кезінде табу және теріден дұрыс тұмсығымен қоса алып тастау адам денсаулығы мен өмірі үшін маңызды болып табылады. Сондықтан кене энцефалитінен сақтау үшін кенелерден қорғану жолдарын есте сақтауымыз қажет. Шөп жинау кезінде кенелердің шөп арасында қыстайтын есте сақтаңыз; ешкі және сиыр сүтін міндетті түрде қайнату керек, себебі сүт қоздырғышпен залалдануы мүмкін.

Есте сақтайтын қағидалар: ешқашан терідегі кенені сықпаңыз, өйткені кене ішінде вирустар мен патогенді организмдер бар. Тіпті қолдың ашық жаралары немесе сәл тыртықтар арқылы жұқтыруға болады; кенені жұлмаңыз, өйткені жұлу кезінде кене басы теріде қалып кетеді де, улы сөлі адам ағзасына тарала береді; кенені тіспен жұлуға болмайды, қоздырғышты жұқтыру қаупі жоғары. Сондықтан денеге жабысып тұрған кенені байқасаңыз, жедел дәрігерге көрініңіз.

Конго-Қырым қанды қызбасының алдын-алу мақсатында, Түркістан облысы аумағындағы аудан, қала, ауыл округтерге жергілікті аудан, қаладағы «Ветеринарлық қызметі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын мамандарымен ауыл шаруашылығы жануарларына және мал қораларына кенеге қарсы дезинсекция жұмыстары сәуір, мамыр және тамыз, құркүйек айларында 2 кезеңде жүргізіледі. Кенені жою үшін қораға жасайтын залалсыздандыру (дезинсекция) жүргізу алдын қора жайларды механикалық тазалаудан өткізу керек. Сондықтан Қора-жайларыңызды тазалап, ауылшаруашылығы жануарларына кенеге қарсы бүрку, тоғыту, қора-жайларды залалсыздандырудан қалдырмаңыздар.

ТО ВБ «Ветеринариялық қызмет» ШЖҚ МКК Созақ ауданы филиалы.

Хабарландыру

«Казатомпром-SaUran» ЖШС: 1) «Шығыс Мыңқұдық» уран кен орнын өндіру жобасына Өзгертулер және толықтырулар енгізу жобасы» және 2) «Қанжұған уран кен орнын өндіру жобасына Өзгертулер және толықтырулар енгізу» жобаларына Шығарындыларға рұқсат беру туралы нормативтік құжаттар бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізетіндігі туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдау өткізілетін орны мен уақыты, сондай-ақ барлық мүдделі тараптар үшін ZOOM конференциясына онлайн қосылу сілтемесі:

1)20.08.2025 ж. сағат 10:00, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қыземшек кентінің Мәдениет үйінде: «Шығыс Мыңқұдық» уран кен орнын өндіру жобасына өзгертулер және толықтырулар енгізу жобасы» Шығарындыларға рұқсат беру туралы нормативтік құжат бойынша, <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>, конференция сәйкестендіргіші: 616 540 8596. Рұқсат коды: 123456.

2)21.08.2025 ж. сағат 10:00, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент кентінің Әкімшілік ғимаратында, «Қанжұған» уран кен орнын өндіру жобасына өзгертулер және толықтырулар енгізу жобасы» Шығарындыларға рұқсат беру туралы нормативтік құжат бойынша, <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>, конференция сәйкестендіргіші: 616 540 8596. Рұқсат коды: 123456.

Жобалар бойынша құжаттама БЭП-ң <https://hearings.ndbecology.gov.kz> және Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы сайтындағы «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған.

Жұртшылық өкілдері жоба материалдарымен танысып, өз ескертулері мен ұсыныстарын, электронды түрде мына сайтта сұрақтар қоя алады; <https://hearings.ndbecology.gov.kz>, немесе e-mail арқылы: a.erkebai@ontustik.gov.kz, қағаз түрінде келесі мекен-жай бойынша бере алады: Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы, 27 п, ғимараты, 8 (725-33) 5-98-47.

Қоғамдық тыңдаулардың бастамашысы - «Казатомпром-SaUran» ЖШС, БСН 150540001510, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент а/о, Таукент ауылы, «1 ықшам аудан» шағын ауданы, 133 үй, 108 пәтер, 8-701-345-6313.

Жоба әзірлеуші: «Два Кей» ЖШС, БСН 031240001366. 050060, Алматы қ., Жароков көш. 314 А үй, 8(727) 339 36 01. info@2k.kz.

Объявление

ТОО «Казатомпром-SaUran»,сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания: 1) по Нормативным документам для разрешения на эмиссии к Изменениям и дополнениям в Проект разработки месторождения урана «Мынкудук» (участок «Восточный»)) и 2)по нормативным документам для разрешения на эмиссии к Изменениям и дополнениям в Проект разработки месторождения урана «Канжуган».Место и время проведения, а также ссылка на онлайн подключение к конференции ZOOMдля всех заинтересованных сторон:

1)По нормативным документам для разрешения на эмиссии в Проект разработки месторождения урана «Мынкудук» (участок «Восточный»)) – 20.08.2025г. в 10:00 ч.,Туркестанская область, Сузакский район, в Доме Культуры п.Кыземшек, <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>, Идентификатор конференции: 616 540 8596, Код доступа: 123456.

2)По нормативным документам для разрешения на эмиссии к Изменениям и дополнениям в Проект разработки месторождения урана «Канжуган»– 21.08.2025г., в 10:00 ч.,Туркестанская область, Сузакский район, в здании акимата п.Таукент, <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>, Идентификатор конференции: 616 540 8596, Код доступа: 123456.

Документация по проектам размещена на Едином экологическом портале <https://hearings.ndbecology.gov.kz> и на сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области, в разделе «Общественные слушания». Представители общественности могут ознакомиться с материалами проектов, высказать свои замечания и предложения, задать вопросы в электронной форме на <https://hearings.ndbecology.gov.kz> или по e-mail: a.erkebai@ontustik.gov.kz, в бумажной форме по адресу: Туркестанская область, г. Туркестан, проспект Б.Саттарханов д.27п, тел.8(725-33) 5-98-47. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Казатомпром-SaUran», БИН 150540001510, Туркестанская область, Сузакский район, с/о Таукент, село Таукент микрорайон «1 ықшам аудан», дом 133, квартира 108, 8-701-345-6313.

Составитель проектов:ТОО «Два Кей», БИН 031240001366. 050060, г. Алматы, ул. Жарокова 314 «А», Тел: 8 (727) 339 36 01, info@2k.kz.

Суицид және оның алдын алу жолдары

Суицид және оның алдын алу жолдары қазіргі қоғамда аса маңызды әрі өзекті мәселелердің бірі. Суицид (өз-өзіне қол жұмсау) -адамның саналы түрде өміріне қасақана нүкте қоюы. Бұл тек жеке адамның ғана емес, тұтас қоғамның денсаулығы мен психологиялық жағдайының көрсеткіші болып табылады.

Суицидтің себептері:

Суицидке итермелейтін себептер әртүрлі болуы мүмкін:

1.Психикалық аурулар – депрессия, шизофрения, биполярлы бұзылыстар.

2.Әлеуметтік факторлар – жалғыздық, жұмыссыздық, отбасындағы кикілжіңдер.

3.Жеке өмірдегі қиындықтар – махаббаттағы сәтсіздік, зорлық-зомбылық, мектептегі немесе жұмыстағы қысым.

4.Нашақорлық пен алкогольизм – адамның ақыл-ойына және психикасына теріс әсер етеді.

5.Кибербуллинг және әлеуметтік желідегі қысым – әсіресе жастар арасында жиі кездеседі.

Белгілері:

Суицидке бейім адамның мінез-құлқында келесі өзгерістер байқалуы мүмкін:

-Тұйықталып кету, жалғыз қалуға ұмтылу;

-Қуаныш пен қызығушылықтың жоғалуы;

-Өмірдің мәні жоқ екенін айту;

-Көбіне өлім туралы ой қозғау;

-Қоштасу немесе аманат қалдыру;

-Қатты депрессия немесе мінездің кенет өзгеруі.

Алдын алу жолдары:

1.Ашық әңгіме жүргізу

Суицид туралы айту – оны істеуге итерме-

лейді деген қате түсінік бар. Керісінше, адамның жанын түсініп, тыңдай білу оның өмірге деген сенімін арттыруы мүмкін.

2.Психолог пен психиатр көмегіне жүгіну

Қажетті жағдайда кәсіби көмек – ең маңызды қадам. Дұрыс ем мен психотерапия арқылы адамды бұл ойлардан арылтуға болады.

3.Отбасы мен жақындардың қолдауы

Адам өз жалғыз еместігін сезінсе, үмітін үзбей, күресе бастайды.

4.Қауіп факторларын азайту

Мысалы, улы заттар мен қауіпті заттарды үйде сақтамау, әлеуметтік желілердегі буллингке тосқауыл қою.

5.Мектеп пен ЖОО-ларда профилактикалық жұмыс

Жасөспірімдермен жұмыс істейтін мұғалімдер, тәрбиешілер психологиялық тренингтер өткізуі керек.

Қазақстанда психологиялық көмек беретін орталықтар мен “сенім телефондары” бар:

-”150” – Балалар мен жасөспірімдерге арналған сенім телефоны

-111 – Қазақстандық ұлттық сенім желісі

-Психологтың көмегіне жүгіну

Суицид – үнсіз індет. Бірақ ол туралы айту – оның алдын алудың басты жолы. Егер сіздің немесе жақындарыңыздың жағдайы мазасыздандыратын болса-үнсіз қалмаңыз. Көмек сұрау – әлсіздік емес, керісінше, өмір үшін күрестің алғашқы қадамы.

А.СЫРФАБАЕВА,
«Созақ аудандық орталық аурухана-сы» ШЖҚ МКК психологы.

«Созақ үні» газетіне 95 жыл!



Тілшілер қосынын қайта жаңғыртамыз

«Созақ үні» газетінің арғы аталары саналатын сонау 1930 жылдың қазан айынан «Молшылық үшін», «Социалистік шаруашылық» «Социалды шаруа» деген атаулармен шығып, халықтың үніне айналған аудан газеттерінде талай азаматтар қызмет атқарды. Қолынан жазу келетін, елдің ішінде болып жатқан өкіметтің жаңалықтарын, қызықты оқиғаларды, еңбек адамдарының қажырлы еңбектерін алақандай ақпараттарымен жеткізіп отырған. Солардың арасынан біржола журналистика саласына ауысып, газетте өмір бойы еңбек етіп, жылдар өте жоғары оқу орнын бітіріп газетте тілші, бөлім бастығы, бас редактор болып қызмет атқарған азаматтар болды.

Біз білетін шолаққорғандық Есіркеп Өмірбеков, балдысулық Асанхан Аманжолов, жартытөбелік Рысқұл Рысжанов, қарақұрлық Зейнетай Ершіліков, Ескермес Жақсымбетов, Жұмахан Төлебаев, қызылкөлдiк Құлжабай Төлеуов, созақтық Ертаи Аманжолов, бақырлылық Елтаи Естанов, бабаталық Егізтай Есбаев, сызғандық Қуанышбек Жүнісов, қыземшектік Пернебай Өтжанов сияқты әрбір ауылдар мен елді мекендерде тілшілер қосыны жұмыс атқарды. Олар ешкімнен айлық сұрамады, сыйлық дәмет-

педі. Туған ауылының жарқын болашағы мен дамуына, көркеюіне өз үлестерін ерікті түрде қоса білді. Бұл азаматтардың басым көпшілігі бүгінде қатарымызда жоқ. Бірақ олардың есімдері Созақ тарихында алтын әріптермен жазылып қалды.

Тура қазіргі күні сол ата-бабалар өсиетін ардақтап, сол дәстүрлі жолмен жүріп келе жатқан тілшілеріміз бар. Олар созақтық Кәмілжан Рысметов, балдысулық Тұрысбек Шылманбетов, сызғандық Сержан Бегманұлы, жартытөбелік Қуаныш Есбергенов, қаратаулық Әбдісәлан Мырзахметов, қарақұрлық Балхадиса Шайқыстамоваларды айтар едік. Ендігі кезекте Қаратау, Құмкент, Таукент, Шу, Тасты, Қыземшек ауылдары мен кенттерінде тілшілеріміз болмай тұр. Ауылдардағы жаңалықты ресми түрде газет бетінде жариялап, «Созақ үні» газетімен тығыз байланыста жұмыс жасай алатын, өлең, мақала жазып жүрген ерікті азаматтар болса редакцияға хабарласуын сұраймыз. Ауданымыздың дамуы мен өркендеуіне бірлесе жұмыстар жасайық!

Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
«Созақ үні» газетінің бас редакторы.

Ардагерлерді ардақтайық

Осы ауылдың тумасы болған-дықтан есімді таныған сонау өткен ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап ел ағаларыны, елге еңбегі сіңген үлкендерді біршама жақсы білемін. Менің бүгінгі жазбамның кейіпкері сондай тұлғалардың бірі Садиев Шәкір ақсақал болады. Шәкеңнің әкесі арапша төте жазу мен кирилше жазуды қатар меңгерген ғұлама кісі болатын. Еңбек өтілінің соңғы жылдары бізге 5-сыныпта тіл-әдебиет пәнінен сабақ берген. Шәкір атаның өзінен үлкен ағасы-Болат атамыз бүкіл өмірін бас инженер лауазымында Созақ кеңшарының құрылыс саласына арнады. Басқа інілері мен қарындастары да жоғары білім алып түрлі салаларда еңбек етті. Шәкір ақсақалға келер болсақ бұл кісі де үлкен еңбек жолын басып өтті. 1939 жылы дүниеге келген ол 1958 жылы мектепті бітірісімен Созақ кеңшарына жұмысшы болып орналасады. Содан 1961 жылы кеңшар әкімшілігі Шәкеңнің білімдарлығы мен еңбекқорлығын бағалап Сарыағаштағы Қапланбек мал дәрігерлік техникумына оқуға жолдама береді. 1962 жылы оқып жүрген жерінен әскер қатарына шақырылады.

«Забайкалье» және «Закарпатье» әскери округтерінде 3 жыл бойы әскери борышын абыроймен атқарып келеді. Келген бетте Қапланбектегі оқуын қайта жалғастырып, 1967 жылы веттехник мамандығын алып шығады. Техникумның жолдамасымен жұмысын ауданымыздың Қаратау кеңшарында веттехник болып бастайды. Ол жерде бір жылдан астам тәжірибе жинақтап, 1969 жылы Созақ кеңшарының 3 фермасына веттехник болып ауысады. Содан кеңшар тараған 1996 жылға дейін 27 жыл бойы Созақ кеңшарында мал шаруашылығының дамуына сүбелі үлес қосады. Соңғы 10 жылда 3 және 4 фермалардың меңгерушісі қызметтерін атқарады. Сол жылдары Созақ кеңшары мемлекетке мал өнімдерін тапсыру бойынша жоғары жетістіктерге жетіп аудан, облыс, республика көлемінде топ жарған кездері болды. Тіптен 1982 жылы шаруашылық еңбеккерлері мал басын арттыру және оның өнімділігін молайту жолындағы елеулі табыстарға қол жеткізіп КОКП, КСРО Министрлер кеңесі, КСРО Кәсіподағы мен БЛКЖО-ның ауыспалы Қызыл Туын иеленеді. Себебі шаруашылық жылды 1 млн. 62 мың рубль таза табыспен аяқтайды. Бұл табысты сол кездегі курс бойынша АҚШ долларына айналдырсақ 1 млн. 62 мың доллар болатынын айта кеткім келеді. Осындай мол табыстарға өз үлесін қосқан кеңшардың белді қызметкері Шәкір Садиев «Социалистік жарыстың жеңімпазы» медалімен марапатталады. Созақ аудандық кеңесінің депутаты болып сайланады. Қазақстан егемендік алғаннан кейін 1996 жылдары Созақ кеңшары тарап кооперативтерге бөлінеді.

Шәкең «Жүзей» өндірістік кооперативін басқару міндеттеледі.

Бұл Қазақстанда тоқырау басталған қиын-қыстау жылдар еді. 180 ге жуық кооператив мүшелері мен олардың отбасын асырау төрағаның төл міндетіне айналады. Шәкең өзінің іскерлігінің арқасында кооператив мүшелерінің



күніне жарап, оларды қиын-қыстау кезеңнен алып шығады. Кейінірек «Тәшей» шаруа қожалығын құрып сол жерден зейнетке шығады. Шәкір Сәдіұлы зейнетке шыққан соң қоғамнан қол үзіп қалған жоқ. Ауылдың аузы дуалы ақсақалы әр дайым жастардың ақылшы-кеңесшісі ретінде қоғамдық іс-шаралардың бел ортасында жүр. Созақта қос ұлт-қазақ және өзбек ұлты өкілдері тату-тәтті ынтымақта өмір сүріп келеді. Шәкең өзбек ұлтының жасы үлкен ақсақалдарының бірі болғандықтан үнемі екі ұлттың ынтымағын нығайту жолында насихат жұмыстарын жүргізіп келеді. Мен мұны көпшілік бас қосқан жиындарда үнемі байқап жүрмін. Сондай-ақ ауылдағы азаматтардың екеуара ұрыс-керіс болған немесе басқа да жағдайларда арағайындық жасап, татуластырып жүреді. Сөзім дәлелді болу үшін жуырда ғана болған соңғы бір жағдайды айта кетейін. Байқаусызда көлік апатын жасаған жерлес інішек үшін зардап шеккен отбасының Шымкенттегі үйіне барып, арағайындық жасап оларды татуластырып қайтты. Шәкір ата бұтағын кеңге жайған үлкен әулеттің бас ие-атасы. Апамыз Ханифа Хайруллақызы екеуі үш ұл, бес қыз өсіріп олардан 16 немере, 11 шөбере сүйіп солардың қызығына бөленуде. Екі ұл мен төрт қыз жеке отау тігіп, өз түтіндерін өздері түтетіп отыр. 70 жасында сүйген кенже ұлы Нұрислам әскери борышын өтеп жүр, кенже қызы Исламия 9 сыныпты бітірді.

Жалпы өмірде атақ-даңққа, марапаттарға бас ұра бермейтін тартыншақ, кішіпейіл жандар болады. Шәкең дәл солардың қатарында. Бірақ та осындай ардагерлердің еңбегін бағалап, қошемет көрсету біз жерлестердің міндетіміз деп ойлаймын. Сондықтан Созақ ауылдық, аудандық ардагерлер ұйымы, өзбек этномәдени орталығымен аудан әкімдігі, аудандық мәслихат осы ұсынысты ескерсе екен деймін.

Кәмілжан РЫСМЕТОВ,
«Созақ үні» газетінің тілшісі.
Созақ ауылы.

Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің «Әдеп» кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талаптарын бұзған жағдайда Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасына 4-20-88 сенім телефонына хабарласуыңызға болады.

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы.

Хабарландыру

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2025-2026 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы С.Қожанов №15 мекен-жайында, 2025 жылдың шілдеайының 25 жылдызында «Ашық есік күні» өтетіндігі туралы хабарлаймыз.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан Бакытжанович

Бас редактор:
Мақсат Қарғабай

Редакция құрамы:

Аға тілші-
Данияр БЕКОВ
Тілшілер-
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Теріші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарыпмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі 68, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс № таралымы - 3500 дана

Кезекші редактор:

Н.Шертаев